

ISSN 2310-3353



Қостанай
мемлекеттік
педагогикалық
институтының

ЖАРШЫСЫ

ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
НАУЧНО-МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

№ 1
2022

Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтының ЖАРШЫСЫ

ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ

№ 1 2022



ӘОЖ 8.81

*Қанапина, С.Ғ.,
филология ғылымдарының кандиданты,
қауымдастырылған профессор
Қуанышбаева, Г.Ш.,
«БВ01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті»
оқу бағдарламасының 2 курс студенті*

ТҮТҚАБАЙ ИМАНБЕКОВТЫҢ «ҮЛКЕН ҮЙ» ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ ТЕҢЕУДІҢ ЭТНОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ СИПАТЫ

Түйін

Тілдегі теңеулер – бүгінгі ұлттық әдеби тілдегі бағзы заман өмірінің адам санасындағы ұқсату белгісінің көркемдік қуаты. Берілген мақала Тұтқабай Иманбековтың «Үлкен үй» романындағы теңеулердің этнолингвистикалық қолданысын зерттеуге арналған.

Кілт сөздер: теңеу, этнолингвистика, сөздік, мағына, құбылыс.

1 Кіріспе

Теңеу – екі нәрсені, құбылысты салыстырудың ең көп тараған тәсілі. Жасалу қалпына қарай теңеулердің сан түрлі болып келетіні байқалады. Бірде теңеу екі нәрсені тұтас алып салыстыру арқылы жасалса, енді бірде айтылып отырған нәрсенің бір сипат-белгісін, түсін, дыбыс-үнін, тағы басқадай жеке ерекшелігін өзге нәрсемен салыстырып бейнелеу негізінде туады. Сонымен қатар бір нәрсені басқа нәрсемен қимыл-козғалысындағы ұқсастықты тірек етіп салыстыру жолымен жасалған теңеулер де жиі кездеседі. Бір-біріне мүлде жанасымы жоқ сияқты көрінетін екі нәрсенің қандай да бір қасиет-белгілерінен, не қимыл өзгешелігінен ұқсастық, жақындық тауып, теңестіруге болатынын атап айта кету қажет. Бұдан теңеуді әдебиетте, поэзияда бейнелеу құралы етіп пайдаланудың шексіз бай мүмкіндігі бар екені айқындалады.

Теңеудің өзгешелігін, мазмұндылығын, тереңірек түсіну үшін тағы бірер мысал келтіруге болады. Алдымен *«көптің күші көлдей, көшіп жүрген елдей»* деген теңеуді алайық. Осы теңеулер біздің көз алдымызға шалқар айдын көлді, шетсіз, шексіз сияқты болып, шалқып жатқан суды, не болмаса, үдере көшіп келе жатқан көп адамның, елдің бейнесін елестетеді. Сондықтан біз көптің күші мығым, зор деген тұжырымды тек ұғым күйінде ғана қабылдап қоймаймыз, көз алдымызда айқын елес беріп тұрған көлдің, елдің көрініс әсері, суреттілік, бейнелілік әсері арқылы терең сезіне отырып та қабылдаймыз.

Немесе, *қақтаған ақ күмістей* деп қыздың маңдайын сипаттайтын теңеуге зер салып қарасақ, мұның мағынасы өте кең, бай екенін көреміз. Бұл теңеу сұлу қыздың маңдайының ақ, кең деп тікелей көрсетілген сипаттарымен қатар жарқыраған, жазық, нәзік, ешбір мінсіз, көз тартарлық көркем деген сияқты талай қасиеттерін де қоса аңғартады.

Теңеу туралы айтылғанда салыстыру үшін қандай нәрсе алынып отырса, соған көбірек мән беріледі. Асылында, мәселе тек онда ғана емес. Сол салыстыру арқылы сипатталып отырған құбылыс, нәрсе қандай, оның нендей ерекшелігі көрсетіліп отыр және екі нәрсені теңестірудің өзінен қандай мағына туып, ой аңғарылады – міне, алдымен осылар толық ескерілуге тиіс [1].

Қазақ тіл білімінде теңеуге толық талдау жасаған ғалым – **Т.Қоңыров**. «Қазақ теңеулері» атты ғылыми монографиясында теңеудің бүкіл лингвистикалық болмысын: жасалу жолдары мен синтаксистік құрылымын, түрлерін жан-жақты қарастыра отырып, теңеуге анықтама береді:

«Сонымен, теңеу – көркем ойлаудың ұлттық ерекшеліктері жинақталған, дүниетанымының ұлттық өзгешеліктері бас қосқан категориялардың бірі. Сондықтан да теңеуді таным

құралы ретінде философияда, стильдік әдіс ретінде әдебиеттану ғылымында, тілдің бейнелі конструкциясы ретінде тіл білімінде зерттейді».

Ғалым Қ.Жұмалиевтің пікірінен шығатын қорытынды мынау: қазақ теңеулерінің жасалуының үш түрлі тәсілі бар: бірінші, -дай, -дей, -тай, -тей, -дайын, -дейін, -тайын, -тейін жұрнақтары арқылы, екінші, -ша, -ше жұрнағының көмегімен, үшінші – секілді, сияқты, тәрізді сөздері. Қ.Жұмалиевтің бұл пікірі дұрыс болғанымен, теңеудің жасалу тәсілдерін түгел қамти алмайды. Қолда бар қыруар материалды сұрыптай келгенде, қазақ тіліндегі теңеулердің жасалуының төмендегідей жолдары бар екені анықталды:

1) **-дай, -дей, -тай, -тей, -дайын, -дейін, -тайын, -тейін** жұрнақтарының көмегімен;

2) **-ша, -ше** жұрнағының көмегімен; белгісіз нәрсені, жұртқа мәлім белгілі нәрселерге салыстыру арқылы көзге елестету орындалады. Қазақ тіліндегі теңеулердің көпшілігі-ақ осы жұрнақтар(дай-дей, тай-тей, ша-ше) арқылы жасалады:

«Көзі жарық жұлдыздай
Мойыны қыл қобыздай
Құйрығы бар қамшыдай
Шудасы бар жамшыдай...»
«Қазша қанатын жаяды,
Үйрекше мойнын созады,
Құсша қонады...»

3) **Шығыс септігі жалғауының (-нан, -нен, -дан, -ден, -тан, -тен)** көмегімен теңеулік образда жасайтын тәсіл. Мәселен, ауызекі тілде қазақтар *қойдан жуас, иттің етінен жек көру, бетегеден биік, жусаннан аласа, сүттен ақ, судан таза* деген тәріздес сөз тіркестерін мейлінше мол қолданады. Бұл тәсілдің көмегімен сапалық ұғымдар бір-бірімен салыстырылып, сол салыстырудың нәтижесінде теңеулік образ жасалады. *Белі нәзік талып тұр, Тартқан сымнан жіңішке, Үзіліп кетпей неғып тұр!?* (Батырлар жыры), *Қызығы бұл дүниенің балдан тәтті, Көңілге бек сақтаған қанағатты* (Майлықожа).

4) **Секілді, сияқты, тәрізді, іспетті** сөздерінің көмегімен;

«Ұяты жоқ жігіт
Жүгенсіз ат секілді.
Ұяты жоқ әйел
Тұзсыз ас секілді...»

5) **Бейне** сөзінің көмегімен теңеулер аналитикалық тәсіл арқылы жасалынады.

Толқын бейне арыстан
Ашуынан айрылар.
Көк ала жалын қолға орап,
Тартсам менен қаймығар [3].

6) **Тең** сөзінің көмегімен;

7) **Ұқсас** сөзінің көмегімен;

Қазақ тілінде бұл аталған тәсілдерден басқа да теңеу тудыратын тәсілдер бар. Соның бірі – ұқсас (ұқсайды, ұқсап, ұқсаған) сөзінің теңеулік қызметі. Бұл тәсіл – теңеу тудыратын ең пәрменді тәсілдердің бірі. Ұқсас (ұқсап, ұқсаған, ұқсайды) сөзінің көмегімен жасалатын теңеулік конструкция – қазақ тілінің ертеден бері келе жатқан етене. өнімді тәсілі. Бірақ осы күнге шейін бұл тәсілдің теңеу категориясына қатысты қарастырылмауы – таңғаларлық жайт.

8) **Параллелизм тәсілі** көмегімен; Мұнда екі нәрсе қатар алынады да, олар бір-бірімен салыстырылады. Теңеудің *параллелизмдік тәсілінің* классикалық үлгілері, әсіресе, ауыз әдебиетінде кеңінен тараған. Соның бірі «Ер Тарғын» жырындағы Ақжүністің монологы:

Бұқар барсаң, қолаң бар, Қолаңды көр де, шашым көр. Зергер барсаң қасында, Алтыннан соққан түйме бар, Түйме көр де, басым көр.

9) **Аралас тәсілдің (бейне және -дай, -дей; бейне және секілді)** көмегімен;

Мұнда жоғарыдағы тәсілдердің екеуі не үшеуі бірігіп келіп, теңеулік образ жасайды. Бұл жағдайда теңеудің мағынасы күшейіп, образы мейлінше айқындала түседі. Мысалы:

1) *Қыздар жүр, дүр төгілген қолаң шашы, Бейне піл тұмсығындай білеуленген* (Д. Әбілов).

2) *Дәл бейне ерте шыққан бүлдіргенше, Суық соғып бүрісер, дәмі енгенше.* (Айтыс).

10) Қосалқы тәсілдер көмегімен

Тілімізде теңеу жасаудың бұлардан басқа да өнімсіз амалдары бар. Мысалы:

а) *Шырығып шыдамы жоқ тұр ханыша, У жеген бұрыл бәрі турымданып* (І. Жансүгіров).

б) *Аумаған бір маймыл, күшті дейсің зой бір* (С. Мұқанов).

Бұл келтірілген мысалдар түрлі жолмен жасалған: «а» мысалындағы теңеу «порымданып», «б» теңеуі «аумаған» сөзінің көмегімен пайда болған[2].

Қайыңдар күмістің сом бақанындай,

Жиі терек әскердің қатарындай.

Бұтақтар жапырағы сылдыраған

Өзбектің батсайы шапанындай (С. Мұқанов).

Шұғыла шалған кешкі бұлттай,

Толқын шашта оттар ойнап,

Өрт топанын кешіп, Нұхтай

Жалғыз өзі тұрды бойлап:

Тұрды ұқсап, тұрды кейде

От ұстаған Прометейге (Қ. Аманжолов).

Шанышылып Алатаудың үршығындай,

Шабыттың шырқап биік ыршуындай.

Шолып тұр шартарапты Абай шыңы,

Шытырман жақпар-жақпар жыр шыңындай. (Ж. Молдағалиев).

Шілдеде қандай момақан,

Толқының майда мақпалдай.

Бірнеше жұмсақ алақан

Көтеріп бара жатқандай... (Ғ. Қайырбеков).

Жоғарыда төрт ақыннан мысалға алынған төрт шумақ өлендегі теңеулерге қайта оралсақ, бұлардың ішінде қайыңды бақанмен, толқынды мақпалмен салыстырған жай теңеулермен қатар, бүтін бір құбылысты бірнеше сөзбен бір бөлек ұғымға көшіріп тұрған күрделі теңеулер де бар екенін көреміз: Қасым Абдолла ақынның өрт ішінде лаулаған ғаламат кескінін көзге елестету үшін бір ғана зат емес, бүтін бір ұғымды тұтасымен теңеуге айналдырып, Тұрды ұқсап, тұрды ол кейде от ұстаған Прометейге десе, Ғафу да суда жүзген адамның майда толқын құшағындағы қалпын, қалпын емес-ау түйсігін бір сөзге сыйғыза алмай, теңеуін бірнеше сөзбен ұлғайта бере бірнеше жұмсақ алақан көтеріп бара жатқандай деп, тамаша образ жасап тоқтайды. Бұлардың қай-қайсысы да – теңеудің ұлғайған, күрделі түрі [3].

2 Материалдар мен әдістер

Бұл мақаланы жазу барысында алдымен жалпы теориялық әдіс қолданылды. Теңеудің шығу тегі, түрлері жайлы зерттеген ғалымдар еңбектері қаралды. Қажетті материалдар жинақталып, мақала жазуда бір жүйеге келтірілді. Т.Иманбековтың «Үлкен үй»шығармасында қолданылған теңеулер этнолингвистикалық сипаты жағынан талданды.

3,4 Нәтижелер мен талқылау

Жазушы Т.Иманбековтың «Үлкен үй» романында кездесетін **теңеулер:**

1. Дүние түрленіп, ұзатылар **қыздай** жасанған шағы.(Т.Иманбеков “Үлкен үй”1-бет). Бұл сөйлемдегі қыздай сөзі жібектей сызылған, биязы,сыпайы мағынасында жұмсалған. Алайда, сөйлемде ауыспалы мағынада яғни, табиғаттың әсемделіп, гүлденген шағы деген сөздің орнына жұмсалып тұр.

2. Асфальт **айнадай** боп көрінеді. (Т.Иманбеков “Үлкен үй”14-бет). Бұл жердегі айнадай сөзі күнделікті тұрмыста қолданатын зат мағынасында қолданылған. Алайда, сөйлемде ауыспалы мағынасында таза, жылтырап тұр дегенді білдіреді.

3. Ал анау **оймақтай** үйде осындағы басшылардың біразы тұрады. (Т.Иманбеков “Үлкен үй”18-бет). Қазақ халқы қашанда еңбекқор халық. Жалпы, оймақ деген сөз тігінші құралдарының бірі, саусаққа киетін құрал екені түсінікті. Алайда, сөйлем ішінде ол сөз ауыспалы мағынада кішкентай, титтей, құрттай мағынасында жұмсалып тұр.

4. Кеудесі **шайдай** ашылғандай. (Т.Иманбеков “Үлкен үй”32-бет). Жалпы, қазақ халқы шай ішкенді жақсы көретін халық қой. Мұндағы шай сөзі сусын мағынасында түсінікті білдіретіні барлығымызға аян. Алайда, контекстегі мағынасы “жарқырап” деген сөздің мағынасында қолданылып тұр.

5. Бірте-бірте тұтасқан шаң керме **бұлттай** мұнарланып құлан үйірін көрсетпей жібереді екен. (Т.Иманбеков “Үлкен үй”63-бет). Бұл жердегі бұлт сөзі табиғат құбылысы екені түсінікті. Алайда, сөйлем ішінде ауыспалы мағынада көңілсіздікті білдіріп тұр.

6. **Толқындай** тулап, **өртше** лапылдап келе жатқан аламан қуғынға шалдырмай әлек етті. (Т.Иманбеков “Үлкен үй”65-бет). Бұл жердегі толқын, өрт табиғат құбылыстары екені түсінікті. Бірақ, сөйлем ішінде ауыспалы мағынада қатты, жылдам сөзінің орнына жұмсалып тұр.

7. **Томардай** басымен жердің шаның бұрқырата соққылап, бейшара кісінеп көп жатыпты. (Т.Иманбеков “Үлкен үй”66-бет). Бұл сөйлемдегі томардай сөзі дәу, үлкен, дөңбектей мағынасын білдіретіні түсінікті. Сөйлемде де сол мағынада жұмсалып тұр.

8. Қора ішінде бүйірі бүрісіп қалтырап тұрады да **мұрттай** ұшады. (Т.Иманбеков “Үлкен үй”73-бет). Бұл сөйлемде мұрттай теңеуі қалпақтай ұшты деген мағынаны білдіріп тұр.

9. Бала көзін жыпылықтатып, **күлшедей** бұртиған қолымен бетін сипалақтайды. (Т.Иманбеков “Үлкен үй”82-бет). Бұл жердегі күлше сөзі астықтың, нанның бір түрі екені түсінікті. Алайда, сөйлем ішінде ауыспалы мағынада яғни, томпиған сөзінің мағынасында жұмсалып тұр.

10. Керім мен тағы бір жігіт **тайдай** самаурынды көтеріп кіргізді. (Т.Иманбеков “Үлкен үй”83-бет). Бұл жердегі тай сөзі жалпы төрт түлік атау екені түсінікті. Алайда, сөйлем ішінде ауыспалы мағынада яғни, ірі, үлкен мағынасында жұмсалып тұр.

11. **Көзінің қарашығындай** жалғыз баласын бізге қиып беріп еді. (Т.Иманбеков “Үлкен үй”84-бет). Аталған сөйлемде көзінің қарашығындай теңеуі адамның жар дегенде жалғыз баласы мағынасында қолданылып тұр.

12. Жастар қалжыңдасып жатыр ма, әлде ұрысып қалды ма екен деген күдікпен қақпадан кіре бергенімде бір машина **құйындай** жүйткіп келеді екен. (Т.Иманбеков “Үлкен үй”89-бет). Бұл жердегі құйын сөзі табиғат құбылысы екені түсінікті. Алайда, сөйлем ішінде ауыспалы мағынада жылдам, тез сөзінің мағынасында жұмсалып тұр.

13. Таңауы қабысынқы, **қылыштай** қыр мұрын қос қастың сүйеуішіндей бедерсіз тегіс екен. (Т.Иманбеков “Үлкен үй”11-бет). Бұл жердегі қылыш сөзі қару-жарақтың бір түрі екенін білеміз. Ал, осы сөйлем ішінде өткір сөзінің мағынасында жұмсалып тұр.

14. Ержан түс көрген. **Мидай** жазық дала екен дейді. (Т.Иманбеков “Үлкен үй”126-бет). Аталған сөйлемдегі мидай теңеуі кең, жазық мағынасында жұмсалып тұр.

5 Қорытынды

Қорыта келгенде, теңеу дегеніміз–белгісіз нәрсені жұртқа мәлім нәрсемен салыстыра айтатын көркемдік ұғым. Соның ішінде этнолингвистикалық теңеулер ұлтымыздың сан ғасырлы тарихынан сыр шертетін, оны қазіргі заманғы нәрселермен салыстыра көрсететін бейнелі ұғымдар. Олар арқылы ұлттық мәдениетіміздің байлығы, сөздік қорымыздың молдығы көрініс табады. Аталған мақала Тұтқабай Иманбековтың «Үлкен үй» романындағы этнолингвистикалық теңеулерді анықтауға арналған. Жалпы алғанда, Тұтқабай Иманбеков өз

шығармасында ұлттық теңеулерді ерекше мағыналы түрде қолдана білген. Жалпы, шығармадан 32 теңеу терілді. Соның ішіндегі 14 теңеуге талдау жасалды.

Әдебиеттер тізімі

1. Қоңыров Т.Қазақ теңеулері – Алматы: Мектеп, 1978. – 193 б.
2. Қабдолов З.Оқулық және оқулыққа қосымшалар. – Алматы”Санат”, 2003. – 528 б.
3. Ахметов З.Өлең сөздің теориясы. “Мектеп” баспасы – 1973. – 180 б.
4. Иманбеков Т.Үлкен үй:роман. – Алматы “Жазушы”, 1979. – 286 б.

Материал редакцияға түсті: 23.11.2021

КАНАПИНА, С.Г., КУАНЫШБАЕВА, Г.Ш.

ЭТНОЛИНГВИСТИЧЕСКИЙ ХАРАКТЕР РАВЕНСТВА В ПРОИЗВЕДЕНИИ ТУТКАБАЯ ИМАНБЕКОВА «БОЛЬШОЙ ДОМ»

Сравнения в языке это художественная сила символа в человеческом сознании и жизни в современном национальном литературном языке. Данная статья посвящена исследованию этнолингвистического использования сравнений в романе Туткабая Иманбекова "Улкен уй".

Ключевые слова: *сравнения, этнолингвистика, словарь, значение, явление.*

KANAPINA, S. G., KUANYSHBAYEVA, G.

ETHNOLINGUISTIC CHARACTER OF THE EQUATION IN THE WORK «BIG HOUSE» BY TUTKABAY IMANBEKOV

Comparisons in language are the artistic power of a symbol in human consciousness and life in the modern national literary language. This article is devoted to the study of the ethnolinguistic use of comparisons in Tutkabai Imanbekov's novel "Ulken uy".

Key words: *comparisons, ethnolinguistics, dictionary, meaning, phenomenon.*

ӘОЖ 8.1751

Ерманова, С.Б.,

*тіл және әдебиет теориясы
кафедрасының аға оқытушы,
педагогика ғылымдарының магистрі,
А.Байтұрсынов атындағы ҚӨУ,
Қостанай, Қазақстан*

ҚАЗАҚҚА ҚАСИЕТТІ «ҚАРА» СӨЗІНІҢ ҚҮДІРЕТІ

Түйін

Бұл мақалада қазаққа қасиетті «қара» сөзінің қадір қасиеттінің мән –мағынасы кең көлемде қолдану жағы ашылып көрсетілген. “Қара” түр-түс атауларының қолданысына қарай білдіретін мағынасы да өзгеріп отыратындығы анық байқалады. Бұл біздің таза да терең, кең тіліміздің өсіп, өнгендігін, түрленгендігін, сөздік қорымыздың байи түскендігін, толығы үстінде екендігін көрсетеді.

Кілт сөздер: *«Қара қазақ» «Қара өлең» «Қара домбыра» «Қара бала» «Қара қазан» «Қара шаңырақ».*

1 Кіріспе

Қазақ үшін ежелгі заманнан бері қадірлі, қасиетті болып саналатын ұғымдар бар. Қарға тамырлы қазақ халқы «қара» түсті берекенің, қарапайымдылықтың, ізгі ниеттің түсі деп бағалайды. Қаннан келген қарапайымдылық,тектілік осы бір «Қара» сөзінің айналасына шоғырланғандай. «Қара қазақ» деген сөз ұлтымызға етене таныс сөз екені белгілі.Түр сипатымыз әр түрлі босада «Қара қазақтың ұрпағымыз ғой» деп, қара көзіміз бен, қара